

Естен кетпес асыл бейнең

**Арқалық қаласындағы
№ 2 облыстық әмбебап
ғылыми кітапханасының
абонемент бөлімі жиыр-
масыншы ғасырдағы әде-
биет пен мәдениетіміздің
белгілі қайраткері, қа-
зактың көрнекті ақыны,
жерлесіміз, Қазақстан-
ның халық жазушысы
Мәриям Хәкімжанованың
туғанына 115 жыл.**

Атаулы күнге орай Нәзипа Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжінің жа-тақханасының мәжіліс залында «Естен кетпес асыл бейнен» атты әдеби кеші өткізілді. Кеш-тиң мақсаты: ақынның шығар-машылығын жан - жақты на-сихаттау, оқырманнның поэзияға деген қызығушылығын артты-ру, ақынның асыл мұрасын үр-пақтан - үрпаққа жеткізу. Кеште

М. Хәкімжанованың қызметтік жолдары, сондай-ақ ақынның марапаттары мен жүлделері жайында ақпарат берілді. Ақынның «Мен қазақтың қызымыны», «Ана жыры», «Торғай толғауы», «Ұшқан ұям» өлеңдерін студент қыздар Жибек Қонарбай, Гүлсезім Нагашыбай, Динара Баженовалар ақын өлеңдерін мәнерлегіт оқыды. Студенттер ақынның кітаптарына қызығушылық таныста отырып, танысып, кітаптарға шолу жасалды.

Мәриям апамыз – аяулы ана, асыл әже. Тек қана өз бала-сын емес, ақындық жолындағы жастарға ана бола білген Мәрия-ям апамыздың рухына арнап «Ана туралы жыр» әні шырқа-лып, әдеби шараның маңызын аша түсті. Мәриям апайдың ұзақ жыл бойғы әдебиетке сінір-ген адад еңбегі жоғары бағала-нып : «Еңбек Қызыл ту», 2 рет «Құрмет белгісі» ордендерімен, бірнеше рет медальдармен марапатталған. Шараны үйымда-стырудың нәтижесінде студент-



тер ақынның өмірбаяны және шығармашылығымен сусын-дал, өздеріне қажетті көптеген мағұлматтарды алды.

Г. КАРБОЗОВА,
кітапханашы